Автор: Әбдіқалық Күнімжан
Предмет: Қазақ тілі мен әдебиеті
Класс: 9-сынып
Раздел: Қазақ жазуының дамуы
Тема: Курс "Қазақ прозасы"

Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы: Ақбілек бейнесін деконструктивті талдау	**Сабақтың сипаттамасы:** Бұл бейнебаянда Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы басты кейіпкер Ақбілек бейнесі деконструктивті талдау арқылы қарастырылады. Атап айтқанда, Ақбілектің роман басындағы бейнесі, өмірлік сынақтары, ішкі жан дүниесі мен мінезіндегі қайшылықтар жан-жақты талданады. Әкесінің, Бекболаттың және ауыл адамдарының Ақбілекке деген көзқарасы мен оның ішкі сезімдері салыстырылады. Сонымен қатар кейіпкердің қорқынышы мен күрескерлік қасиеті, қоғамның көзқарасы әсерінен қалыптасқан ұят сезімі және өзін-өзі бағалауы сараланады. Ақбілектің білім алуы, өз өміріне жауапкершілікпен қарауы және жаңа өмір бастауға ұмтылысы арқылы оның тұлғалық өзгерістері сипатталады. Сабақ барысында кейіпкердің бейнесін біржақты бағаламай, оның бойындағы қарама-қайшы қасиеттерді түсінуге назар аударылады. Қорытындысында Ақбілек бейнесінің шығарма барысында қалай өзгеретіні және оны әртүрлі көзқарас тұрғысынан танудың маңызы түсіндіріледі. **Описание урока:** В этом видео с помощью метода деконструктивного анализа исследуется образ Акбилек, главной героини романа Жусупбека Аймауйтова «Акбилек». В частности, всесторонне анализируется образ Акбилек в начале романа, ее жизненные испытания и противоречия во внутреннем мире и характере. Сравнивается отношение ее отца, Бекболата, и жителей деревни к Акбилек и ее внутренним чувствам. Кроме того, анализируются страх и качества персонажа, чувство стыда и самооценка, сформированные под влиянием общественных взглядов. Описываются изменения личности Акбилек в процессе ее воспитания, ответственное отношение к жизни и стремление начать новую жизнь. В ходе урока уделяется внимание пониманию противоречивых качеств в ней, а не односторонней оценке образа персонажа. В заключение объясняется, как меняется образ Акбилек на протяжении произведения и важность восприятия ее с разных точек зрения.
Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романы: кейіпкерлер әлемін деконструктивті талдау	**Сабақ сипаттамасы:** Бұл бейнебаянда Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы кейіпкерлер әлемі деконструктивті талдау әдісі арқылы зерделенеді. Әмірші, Кіші ханым және Шебер бейнелерінің ерекшеліктері, олардың ішкі әлемдері, сезімдері мен мінез-құлқындағы қайшылықтар жан-жақты талданады. Әміршінің билікке ие бола тұра, өз күдігі мен қызғанышын жеңе алмауы, Кіші ханымның сезім мен міндеті арасындағы тартысы және Шебердің өнер арқылы ішкі еркіндігін білдіруі қарастырылады. Романдағы мұнара символының көркемдік мәні, сондай-ақ оның махаббат, сезім, өнер, қызғаныш пен рухани жалғыздықты бейнелеудегі рөлі түсіндіріледі. Сабақ барысында кейіпкерлердің бір-бәріне деген қарым-қатынасы билік пен еркіндік, сенім мен күдік, махаббат пен иелену арасындағы қарама-қайшылықтар ашылады. Деконструктивті талдау негізінде кейіпкерлерді біржақты бағаламай, олардың сыртқы бейнесі мен ішкі болмысы арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мән беріледі. Романдағы адам табиғатының күрделілігі, биліктің шектеулілігі және өнердің рухани құндылығы туралы негізгі идеялар тұжырымдалады. **Описание урока:** В этом видео с помощью метода деконструктивного анализа исследуется мир персонажей романа Абиша Кекильбаева «Конец легенды». Подробно анализируются особенности образов Принца, Госпожи и Учителя, их внутренние миры, чувства и противоречия в поведении. Рассматриваются неспособность Принца преодолеть подозрительность и ревность, несмотря на обладание властью, конфликт Госпожи между чувствами и долгом, а также выражение Учителем внутренней свободы через искусство. Объясняется художественное значение символа башни в романе, а также его роль в изображении любви, чувств, искусства, ревности и духовного одиночества. В ходе урока раскрываются взаимоотношения персонажей, демонстрирующие противоречия между властью и свободой, доверием и подозрительностью, любовью и собственничеством. На основе деконструктивного анализа акцент делается на выявлении различий между их внешним обликом и внутренним миром, а не на оценке персонажей по отдельности. Формулируются основные идеи романа о сложности человеческой природы, ограниченности власти и духовной ценности искусства.

М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романы: адам мен табиғатқатынасын деконструктивті талдау	**Сабақ сипаттамасы:** Бұл бейнебаянда Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романындағы адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыс деконструктивті талдау тұрғысынан қарастырылады. Шақан өміріндегі қайғылы оқиғалар, жақындарынан айырылуы және кек алуды таңдауы арқылыкейіпкердің психологиялық күйі мен ішкі қайшылықтары ашылады. Аңшы мен жолбарыстың арасындағы тартыс негізінде кек алу мен әділет, күш пен тәуелділік, сыртқы жеңіс пен ішкі тыныштық мәселелері талданады. Сонымен бірге жолбарыс бейнесінің шығармадағы орны, табиғаттың өзіндік құндылығы және адамның қоршаған орта алдындағы жауапкершілігі де зерделенеді. Осында негізгі мәселелер сұрақтар қою арқылы талқыланып, оларға кейіпкерлердің әрекеттері мен романдағы оқиғаларды талдау арқылы жауап беріледі. Осылайша, қалыптасқан көзқарастар қайта сараланып, роман көтерген адамгершілік, табиғатпен үйлесім және саналы таңдау мәселелері бойынша өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік беріледі. **Описание урока:** В этом видео рассматривается сложная взаимосвязь человека и природы в романе Мухтара Магауина «Шакан-Шері» с деконструктивной точки зрения. Трагические события в жизни Шакана, потеря близких и его решение отомстить раскрывают психологическое состояние персонажа и его внутренние противоречия. На основе конфликта между охотником и тигром анализируются вопросы мести и справедливости, власти и зависимости, внешней победы и внутреннего покоя. Одновременно изучается место образа тигра в произведении, внутренняя ценность природы и ответственность человека перед окружающей средой. В ходе урока основные вопросы обсуждаются с помощью вопросов и получают ответы на основе анализа действий персонажей и событий в романе. Таким образом, переоцениваются устоявшиеся взгляды и предоставляется возможность сделать собственные выводы по вопросам морали, гармонии с природой и осознанного выбора, поднятым в романе.
Ш. Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі: Дүйсен бейнесін деконструктивті талдау	**Сабақ сипаттамасы:** Осы бейнебаянда Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіндегі Дүйсен бейнесі деконструктивті талдау әдісі арқылы қарастырылады. Кейіпкердің ұстаздық қызметі, білімге деген ұмтылысы, Алтынайды қорғауы және оның болашағына ықпалы талданады. Дүйсеннің мүмкіндіктері мен шектеулері, рухани күші мен қоғам алдындағы дәрменсіздігі арасындағы қайшылықтар айқындалады. Дүйсеннің әрекеттеріне қатысты сұрақтар қойылып, оларға шығарма оқиғалары мен кейіпкердің іс-әрекетін талдау арқылы жауаптар беріледі. Алтынайдың тағдырындағы ұстаз қолдауы мен жеке талпыныстың рөлі, екі теректің символдық мәні және Дүйсеннің шәкіртіне жол ашудағы еңбегі сараланады. Басты кейіпкерді бір ғана қырынан бағаламай, оның адами қасиеттерін терең түсінуге және ұстаздықтың шынайы мәні туралы өзіндік тұжырым жасауға назар аударылады. **Описание урока:** В этом видео с помощью метода деконструктивного анализа исследуется образ Дуйсена в романе Чингиза Айтматова «Первый учитель». Анализируются педагогическая деятельность персонажа, его стремление к знаниям, защита Алтынай и влияние на её будущее. Кроме того, выявляются противоречия между способностями и ограничениями Дуйсена, его духовной силой и беспомощностью перед обществом. Задаются вопросы о поступках Дуйсена, и ответы даются посредством анализа событий произведения и действий персонажа. Анализируется роль поддержки учителя и личных стремлений в судьбе Алтынай, символическое значение двух тополей, а также работа Дуйсена по подготовке пути для своей ученицы. В центре внимания не оценка главного героя с одной стороны, а глубокое понимание его человеческих качеств и выводы об истинном смысле обучения.

Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр»романындағы тұлғамен тарихи ортаны деконструктивті талдау	**Сабақ сипаттамсы:** Бұл бейнебаянда Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы тұлға мен тарихи ортаның өзара байланысы деконструктивті талдау арқылы қарастырылады. Туындыдағы Демежанның өмір жолы, ел мүддесін қорғауға деген ұмтылысы және тарихи-саяси жағдайлармен байланысты қайшылықтар талданады. Сондай-ақ, шекараның адам болмысына әсері, заң мен әділеттіліктің арақатынасы, билік пен халық мүддесінің қайшылығы зерделенеді. Мұнда негізгі мәселелер сұрақтар арқылы талқыланып, оларға кейіпкердің әрекеттері мен тарихи оқиғалардың мәнін талдау негізінде жауап беріледі. Демежанның жеке таңдауы мен тарихи ортаның әсерімен қатар, оның трагедиялық тағдырына ықпал еткен себептер ашылады. Тарихи өзгерістердің адам өміріне әсері, тұлғаның рухани ұстанымы және адам қадірін тек жеңіс пен жеңіліс арқылы бағалаудың шектеулілігі туралы сұрақтар көтеріледі. **Описание урока:** В этом видео методом деконструктивного анализа исследуется взаимосвязь личности и исторической среды в романе Кабдеша Жумадилова «Судьба». Работа анализирует жизненный путь Демежана, его стремление защитить интересы страны и противоречия, связанные с историко-политическими обстоятельствами. Также изучаются влияние границы на человеческую природу, взаимоотношения права и справедливости, а также конфликт интересов государства и народа. Основные вопросы обсуждаются в форме вопросов, на которые даются ответы на основе анализа действий персонажа и смысла исторических событий. Наряду с личным выбором Демежанаи влиянием исторической среды, раскрываются причины, способствовавшие его трагической судьбе. Поднимаются вопросы о влиянии исторических изменений на человеческую жизнь, духовном положении личности и ограниченности оценки человеческого достоинства только через победы и поражения.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы: Ақбілек бейнесін деконструктивті талдау (8:25)	https://youtu.be/7JjYOTPQjJY - Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы: Ақбілек бейнесін деконструктивті талдау	https://youtu.be/7JjYOTPQjJY
Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романы: кейіпкерлер әлемін деконструктивті талдау (9:31)	https://youtu.be/9t8mfllIaBo?si=z3INgP6PrOHKqEpY - Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романы: кейіпкерлер әлемін деконструктивті талдау	https://youtu.be/9t8mfllIaBo?si=z3INgP6PrOHKqEpY
М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романы: адам мен табиғат қатынасын деконструктивті талдау (11:56)	https://youtu.be/M68wSRX-Hxc?si=aGAeCbtdFqo_7Ur0 - М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романы: адам мен табиғат қатынасын деконструктивті талдау	https://youtu.be/M68wSRX-Hxc?si=aGAeCbtdFqo_7Ur0
Ш. Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі: Дүйсен бейнесін деконструктивті талдау (11:19)	https://youtu.be/m_ajPgs4VqU?si=mDwY0qzWvwzfQBz6 - https://youtu.be/m_ajPgs4VqU?si=mDwY0qzWvwzfQBz6	https://youtu.be/m_ajPgs4VqU?si=mDwY0qzWvwzfQBz6

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы тұлға мен тарихи ортаны деконструктивті талдау (12:27)	https://youtu.be/_4hrwXYskZY - Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы тұлға мен тарихи ортаны деконструктивті талдау	https://youtu.be/_4hrwXYskZY